

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Болашақ» академиясы



Ғылыми Кеңес отырысында бекітілді
«31» тамыз 2016 ж. № 1 хаттама

**«5В010100 – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
2016-2020 оқу жылдарға арналған**

Қарағанды, 2016

№	Пән атауы	Кредиттер	Оқытудың мақсаты	Қысқаша анықтамасы	Зерттеуден анықталатын нәтижелер	Пререквизиттер	Постреквизиттер
1-курс							
1	Экология және өмір қауіпсіздігі негіздері	5	Курсының мақсаты студенттерге тіршілікте болатын табиғи және техногенді төтенше жағдайлардан сақтануды, қазіргі заманғы зақымдау құралдары түрлерін және олардан қорғану шараларын, бейбітшілік және соғыс уақыттарында төтенше жағдай ошақтарында өзіне және өзгелерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету, яғни студенттердің әскери және медициналық білім деңгейін көтеру.	Курстың мазмұны экология және өмір қауіпсіздігі негіздері пәні адамның төтенше жағдай кезіндегі өмір сүру ортасы мен қауіпсіз қарым-қатынасының, шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеу әдістерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен салдарын жою және осы заманғы зақымдау құралдарының қолданылуы мәселелерін зерттейді. Адамды және өмір сүру ортасын қауіп-қатерден қорғаудың тиімді және сенімді шараларын әзірлеу гигиеналық нормативтерді ғылыми тұжырымдау.	Меңгеру: -Қауіп-қатерді анықтау: қауіп түрі, аумақтық және уақыттық координаты, апаттың шығыны, қайталану мүмкіндігінің алдын алу -Қауіп-қатер төнген жағдайда жүргізілетін жұмыс тәртібін меңгеру. Білу: -төтенше жағдай кезінде апаттар, стихиялық қатерлер және оларды залалсыздандырда сауатты шешім қабылдау үшін теориялық білім мен практикалық біліктілігін арттыру. - Тіршілік қауіпсіздігінің нормативтік - техникалық және ұйымдық негіздерін білу. Дағдысы болу: қазіргі заманғы қауіптерді жоюдағы құтқарушылық көмек жүргізу әдістеріне үйрету.	Биология негіздері мектеп бағдарламасы шеңберінде	Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатпен таныстыру теориясы мен әдістемесі
	Адамдардың апатты жағдайлары және экологиялық	5	Студенттерде Апаттар табиғатқа және адам өміріне қауіп төндіретін болса, онда төтенше	Курстың мазмұны ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басталған шағында адамзат қоғамының даму мәселесі	Меңгеру: Антропогендік апаттарға: автокөлік апаты, ұшақтар апаты, өнеркәсіп орындардағы апаттар, өрт,	Биология негіздері мектеп бағдарламасы шеңберінде	Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатпен таныстыру теориясы мен

	мәселелері		жағдайлар жарияланады. Биосферадағы апаттар шығу тегіне сәйкес табиғи және антропогенді деп бөлінеді. Табиғи апаттарға жерсілкіну, жаңартаудың атқылауы, құйынды қара дауылдар, қар көшкіні, сел жүру, цунамилер жатады. Бұл кезде табиғаттың тепе-теңдігі бұзылады, қайта қалпына келмейді. Сондықтан экологиялық апат-қайтымсыз процесс болып саналады.	адам мен табиғаттағы қарым — қатынасының экологиялық мәселелері қарастырылған. .Осы жағдайды саналы азаматтың барлығы түсіну қажеттігін және әрбір азаматтың өмір сүру барысында табиғат пен табиғат қорларын пайдалану үрдісінде оны таза, мол қазыналы көркем қалпында мәңгілікке сақтап оларды ерте жастан бүлдіршіндерді саналы түрде игерту.	климаттың ғаламдық жылынуы, қышқыл жаңбыр, озон қабатының жұқарып, тесілуі, дүниежүзілік мұхиттардың ластануы, топырақтың эрозияға ұшырауы, орманның қырқылуы, фауна мен флора түрлерінің жойылуын меңгеру. Білу: АЖ-дың алдын алу – алдын ала жүргізілетін және АЖ пайда болу қатерін мүмкін болғанынша азайтуға, адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, залал мен материалдық шығын мөлшерін кемітуге арналған шаралардың әдістерін білу. Дағдысы болу: Төтенше жағдай аймағындағы құтқару жұмыстарына зардап шеккендерді көшіру, үйінділердің астынан адамдарды құтқару, оларға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, емдеу мекемелеріне жөнелту, халықты төтенше жағдай аймағынан көшіру, адамдарға санитарлық өңдеу жүргізу дағдысы болу.		әдістемесі

	Қоршаған ортаның геохимиясы	5	Студенттерде қоршаған орта туралы, антропогендік (техногендік) ландшафт және табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен болатын геохимиялық өзгерістерді, адам ағзасына әсер ететін химиялық элементтер немесе қосылыстар туралы және олардың концентрациялары туралы мағлұматтарды толыққанды қалыптастыру	Курстың мазмұны; Қоршаған ортаның геохимиясы методологиялық негізі ретінде табиғат пен қоғамдағы заттар мен құбылыстардың жалпы өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі туралы материалистік диалектика заңы қызмет атқарады. Осы заңға сәйкес табиғаттағы ешбір құбылыс көптеген басқа заттар мен құбылыстардың әсерінсіз жүзеге аспайды. Әрбір құбылыс немесе зат табиғаттағы бүтіннің бір бөлігі. Табиғатты тиімді пайдалану және қорғау тәжірибесінде табиғи процестерді және оларды адамзат қоғамы мүддесіне пайдалануды басқаратын заңдылықтарды меңгеру.	Меңгеру: -Жердің геологиялық ерекшеліктерімен жер қабаттарының құрылысын; -биосфераның қалыптасуы жағдайларын; -атмосфера, гидросфера, литосфера түрлерін игеру. Білу: - Биосфераның қазіргі жағдайы және жекелеген экологиялық жағдайлары туралы ақпараттар білу; -ландшафт және экожүйелерінің өзгеру түрлерін білу; Дағдысы болу; Жер қабықтары атмосфера, литосфера, гидрофера антропогенді әсерлер сипатының, минералды, су, жер ресурстарын пайдалану проблемаларын алдын алу дағдысы болу.	Биология негіздері мектеп бағдарламасы шеңберінде	Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатпен таныстыру теориясы мен әдістемесі
2	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	3	Студенттерге ғылымдар жүйесінде педагогикалық, психологиялық ғылымдарының алатын орны жайлы алғашқы бағыт-бағдар беру, қоғам дамуында педагог - психолог мамандығының	Курстың мазмұны; Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі маңызды өзгерістер жоғары білімді, білікті педагогтар даярлаудың қажеттігін көздеп отыр. Қазіргі кезде оқу жоспарларын, бағдарламаларды,	Меңгеру: - Тәрбиеші - педагог қызметінің заңнамалық негіздері; -педагогикалық мамандықтың жалпы сипаттамасы; -мектепке дейінгі ұйым педагогының жеке тұлғасына қойылатын талаптар.	Өзін-өзі тану мектеп бағдарламасы шеңберінде	Педагогика, Мектепке дейінгі педагогика

			өзіндік маңызды рольге ие екендігін айқындау, студенттердің пәнге қызығушылығын арттыру.	оқулықтарды, көрнекі оқу құралдарын әлеуметтік-экономикалық және ғылыми техникалық прогресс талаптарына сәйкес жетілдіру көзделуде.	Білу: -Педагогикалық мамандыққа кіріспе тұжырымдамаларын; -Педагогикалық мамандыққа кіріспе пәнінің негізгі әдіснамалық принциптерін; -Педагогикалық мамандыққа кіріспе пәнінің негізгі принциптері мен категорияларын. Дағдысы болу: -Әдеби қайнар көздерімен жұмыс жасай алуы; -Теориялық білімдерді тәжірибеде пайдалана алуы.		
	Педагогикалық мамандықтың қалыптасуы	3	Педагогикалық мамандықтың қалыптасуымен студенттерді таныстыру, педагогикалық мамандықтың даму кезеңдерін ашып көрсету, сана сезімінде қалыптастыру.	Курстың мазмұны; Педагогикалық мамандықтың пайда болуын, дамуын және қалыптасуын жақсы меңгеруін қамтамасыз ету. Педагогикалық мамандығының маңыздылығын түсіндіру. Педагогикалық мамандықтың сипаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу, түзету, ұйымдастыру және т.б. айналысатыны туралы тақырыпты ашып көрсету.	Меңгеру: -Педагогикалық мамандыққа қойылатын негізгі талаптарды; - Болашақ мектепке дейінгі білім беру педагогтарын кәсіби даярлаудағы педагогикалық теория мен жинақталған педагогикалық тәжірибенің рөлін меңгеру; - ҚР Білім беру жүйесінің ерекшелігі және оны құрудың заманауи принциптері. Білу: -педагогикалық мамандықтың қалыптасуының тарихи	Өзін-өзі тану мектеп бағдарламасы шеңберінде	Педагогика, Мектепке дейінгі педагогика

					кезеңдерін талдауды білу; -кәсіби өсу міндеттерін жоспарлау кезінде алған білімдерін пайдалану. Дағдысы болу: -педагогикалық еңбек мәдениеті; -мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс тәжірибесінде педагогикалық теорияның білімін жүзеге асыру.		
	Педагогтың кәсіби этикасы	3	Студенттерге педагогтың кәсіби әдебі жөнінде білім беру, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидалары мен этикалық категорияларын бойларына сіңіру	Курстың мазмұны; педагогика ғылымының бір бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады	Меңгеру: -Кәсіби педагогикалық этиканың мазмұны мен ерекшеліктерін; -кәсіби деформацияның мәні және оның алдын алу жолдарын меңгеру. Білу: -мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби қызметіндегі даулы жағдайларды шешу; -кәсіби іс-әрекеттің фактілерін және құбылыстарын этикалық тұрғыдан бағалау; -нақты өмірлік жағдайларда адамгершілік нормалар мен тәртіп ережелерін қолдану. Дағдысы болу: -әдеп пен мораль нормалары тұрғысынан қоршаған өз іс-әрекеттерін бағалау;	Өзін-өзі тану мектеп бағдарламасы шеңберінде	Педагогика, Мектепке дейінгі педагогика

					- педагогикалық ұжымдағы балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдептілік нормаларына сәйкес мінез-құлық ережелерін білу.		
3	Экономика негіздері	3	«Экономика негіздері» пәнін оқыту экономика субъектілері, қоғамның экономикалық өмірінің құбылыстары мен үрдістері, ол құбылыстар мен үрдістерді зерттеу әдістері мен құралдары, экономикалық мәселелерді шешу тәсілдері мен жолдары туралы білім жүйесін қалыптастыруға себептеседі	Курстың мазмұны; экономикалық жүйелердегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтары мен эволюциясы және шектеулі ресурстар жағдайында адамның экономикалық қылығының принциптерімен себептері туралы теориялық білім беру, сондай-ақ оларда экономикалық дүниетаным мен мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда азаматтық бағытын ұстануды қалыптастыру	Менгеру: -микроэкономикалық теорияның, макроэкономиканың және әлемдік экономиканың негізгі түсініктері мен модельдерін; -негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді және оларды есептеу қағидалар. Білу: -Кәсіптік қызметтерінде түсініктемелік-категориялық аппаратты, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымның негізгі заңдарын қолдана білу, өз қызметтерінде кәсіптік лексиканы дұрыс қолдану. Дағдысы болу: - өз еліндегі және оның шектеріндегі негізгі экономикалық құбылыстарды талдауды, экономиканың негізгі ағымды мәселелеріне бағытталған ақпаратты таба және қолдана білу.	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Мектепке дейінгі білім беру менеджменті

	<p>Экономиканы оқыту тарихы</p>	<p>3</p>	<p>Қазақстанның қазіргі аумағын мекендеген халықтардың экономикасы мен шаруашылықтарының қалыптасуы мен даму ерекшелігін және заңдылықтарын тас ғасырынан бастап қазіргі уақытқа дейінгісін, Қазақстан Республикасының экономикасын реформалау мәселесін қоса ашуға арналған.</p>	<p>Курстың мазмұны; экономика тарихын оқи отырып студенттер қазақ халқының дәстүрлі шаруашылықтарының, қалыптасуымен даму жолын, шежіре деректерін пайдалана отырып зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы айырып білсе, нумизматикадан әр түрлі қоғамдық-экономикалық формация дәуірлеріндегі мемлекеттік бірлестіктердің ақша-тауар айналыстарын, өзара экономикалық байланыстары мен сауда жолдарын, монеталар тарихын, ақша атауларын, олардың жасалу жолдарын білсе, сфрагистика мен геральдикадан тайпалар мен халықтардың өздеріне тән мөрлері мен елтаңбаларының тарихын, даму жолын біліп, оларды танып-білудің әдістерін үйренеді.</p>	<p>Меңгеру: -Тарихтың әр кезеңіндегі экономиканың және әлеуметтік қатынастардың даму заңдылықтары мен арнайылануын мәселелерін ашу, - тұрақты және уақытша факторлардың әсерін талқылау, -ауыспалы шаруашылықтардың әртүрлілігін және артықшылығын меңгеру. Білу: -Қазақ халқының экономиканың және әлеуметтік қатынастардың даму заңдылықтары мен арнайылануын мәселелерін ашу, -құрылым жүйесінің тарихи даму заңдылықтарын оқып игеру. Дағдысы болу: -Қазақстанның экономикасының тарихының мәселелерін біліктілікпен игеру. тарихтың әр кезеңіндегі экономиканың және әлеуметтік қатынастардың даму заңдылықтары мен арнайы мәселелерінің ерекшеліктерін тану.</p>	<p>Қазақстанның қазіргі заман тарихы</p>	<p>Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Мектепке дейінгі білім беру менеджменті</p>
--	--	-----------------	---	--	---	--	--

	Қолданбалы экономика	3	«Қолданбалы экономика» пән әр түрлі экономикалық жүйелердегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтары мен эволюциясы және шектеулі ресурстар жағдайында адамның экономикалық қылығының принциптерімен себептері туралы теориялық білім беру, сондай-ақ оларда экономикалық дүниетаным мен мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда азаматтық бағытын ұстануды қалыптастыру.	Курстың мазмұны; Экономикалық мәселелерді ғылыми тұрғыда зерттеу кезінде жиналған негізгі теориялық көзқарастарды меңгеру; Экономикалық құбылыстардың мәнін жүйелі түсіну, әр түрлі экономикалық жүйелердегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтарын білу; Шектеулі ресурстар жағдайында нарықтың өзін өзі реттеу механизмдерін білу; Экономиканы мемлекеттік реттеу принциптерін білу.	Меңгеру: -Қолданбалы экономикалық теорияның даму кезеңдері. -Қолданбалы экономикалық теорияның зерттеу әдістері. -Қолданбалы экономикалық теорияның атқаратын қызметтері. экономикалық заңдылықтар. Білу: -Қажеттілік түсінігі және олардың адамзат қоғамындағы заңдылық түрлері. -Қолданбалы экономикалық игіліктер және олардың қызметтермен айырмашылығын білу. Дағдысы болу: -Қолданбалы экономикалық категориялар және экономикалық заңдар туралы дағдысы болу.	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Мектепке дейінгі білім беру менеджменті
4	Құқық негіздері	3	Курсты оқытудағы негізгі мақсат: құқық негіздеріне байланысты барлық ілімдерді меңгеру, негізгі категорияларды білу, мемлекет және құқық туралы мағлұмат алу	Курстың мазмұны құқық негіздері жоғарғы оқу орындарының барлық мамандықтарында оқытылатын міндетті пәндердің бірі. Бұл пән құқық пен мемлекет туралы жинақталған заңдармен ұғымдарды	Меңгеру: - Құқықтық тәртіп арқылы талдау және қажетті нормативтік актілерге сүйене білу; -ҚР- ның күшіне енген заңнамасын қажетінше пайдалана білу; -Құқықтық теория	Құқық негіздері мектеп бағдарламасы шеңберінде	Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Мектепке дейінгі білім беру менеджменті, Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару

			болып табылады.	оқытады.	бойынша жүйелі білім алу; -Болып жатқан іс-әрекеттер мен оқиғалар арқылы құқықтық дағдыларды игеру. Білу: ҚР- ның негізгі құқықтық-нормативтік актілерін игеру, түіну және пайдалану. -қазіргі замандағы қоғамдағы құқықтың орны мен оның мағынасын түсіну. -ҚР-ның Конституциясының негізгі ережелерін; - ҚР- ның күшіне енген заңнамасының негізгі ережелерін білу; - мемлекетті басқару органдарының жүйесін, ортасын және өкілеттілігін; -Материалдық және іс жүргізу құқығының өзара әсер ету механизмдерін. Дағдысы болу: - заңнамамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; - заң турасында алған білімдерін пайдалана білу дағдысы.		
	Мемлекеттану негіздері	3	Бұл курстың мақсаты құқықтану және мемлекеттанудың бастапқы түсініктерімен,	Курстың мазмұны; қазіргі кезеңде қалыптасып келе жатқан мемлекеттің жаңа түрі құқықтық мемлекетті,	Меңгеру: -Заң ұғымдары мен категорияларды пайдалану; -заңдық фактілер мен соның ықпалынан болатын	Құқық негіздері мектеп бағдарламасы шеңберінде	Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Мектепке дейінгі білім беру менеджменті,

			<p>ережелерімен категорияларымен таныстыру.</p>	<p>оның белгілері мен ерекшеліктерін оқып түсінуге, бұндай мемлекеттік дамудың демократия мен азаматтық қоғам орнатуға алғы шарттар жасауға көмектесетінін түсіндіретін қоғамдық пәннің бір саласы. Мемлекет мәселесін қарастыруды алдымен қоғамнан бастауымыз керек Қоғам-адамдардың ұйымдасуы мен өмір сүруінің нысаны болып табылады.</p>	<p>құқықтық қатынастарды талдай білу; - құқықтық нормаларды талдау, түсіндіру және дұрыс пайдалану; - заңға сәйкес іс- әрекеттер мен шешімдер қабылдау; - нормативті- құқықтық актілердің құқықтық экспертизаларын іске асыру; - заңи құжаттарды дұрыс әзірлеп, толтыра білу.</p> <p>Білу: Мемлекет пен құқықтың болмысы мен табиғатын; олардың негізгі пайда болу заңдылықтарын, тарихи түрлері мен формаларын, қызметтерін; мемлекет механизмін, құқық жүйесін, құқықтық тәртіпке келтірудің, іске асырудың механизмдері мен амалдарын Қазақстанның мемлекеттік және құқықтық ерекшеліктерін; қоғамның саяси және күнделікті өміріндегі мемлекет пен құқықтың рөлін білу.</p> <p>Дағдысы болу: - құқықтық актілермен жұмыс істей білу; - кәсіби іс- әрекеттердің нысаны болып табылатын</p>	<p>Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару</p>
--	--	--	---	--	---	---

					түрлі құқықтық құбылыстарға, заңдық фактілерге, құқықтық нормалар мен қатынастарға талдау жасай білу дағдысы.		
	ҚР мемлекет және құқық теориясының негіздері	3	Мемлекеттік-құқықтық білімдер жүйесінде базалық тұрғыларды иемденіп мемлекет және құқық теориясы студенттерге мемлекет пен құқықтың мәнін, қоғамдық тағайындалуы, олардың басқа әлеуметтік құбылыстармен байланыстары, мемлекет пен құқықтың негіздерін меңгеру.	Курстың мазмұны; Қазақстан Республикасының мемлекеттік және құқық негіздері пәні жоғары кәсіби білімі бар заңгерді дайындаудың жалпы жүйесіндегі мәнге ие. Бұл өз алдына оқытушыларға пәннің аса маңызды бөлімдерін жүйелі әрі тереңірек оқытуды жауапты міндет жүктейді.	Меңгеру: -Қазіргі замандағы қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістерді түсіну; - мемлекетті басқару бойынша алған білімдерін жалпылау; - мемлекетті басқару бойынша алған теориялық білімдерін дұрыс пайдалану білу, оның ішінде: конституциялық- құқықтық терминдер мен ұғымдарды пайдалану. Білу: қазақстандық қоғамның саяси құрылымының ұйымдастырылуын; - заңи қызмет барысында негізгі этикалық ұғымдар мен категорияларды, мазмұны мен кәсіби этиканың ерекшеліктерін білу. Дағдысы болу: - заң тұрғысындағы білімді пайдалану; - кәсіби қызмет кезінде конституциялық- құқықтық нормаларды қолдану; - мәселені шешудің	Құқық негіздері мектеп бағдарламасы шеңберінде	Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Мектепке дейінгі білім беру менеджменті, Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару

					оңтайлы амалы мен теориялық ойлауды өзара үйлестіру.		
5	Этнопедагогика және этнопсихология	5	Пәнді оқытудың мақсаты- этнопедагогика және этнопсихология пәнін оқыту процесінде болашақ педагогтардың кәсіби маңызды сапаларын қалыптастырып, этнопсихологиялық, теориялық білім негіздерімен қаруландыру.	Курстың мазмұны; Этнопедагогика халықтық педагогиканың теориясы тұрғысынан әр түрлі гуманитарлық ғылымдар түйісіуіндегі пәнаралық сипатқа ие қазіргі педагогика ғылымының саласы. Бұл пән болашақ ма-мандарға жеке адамның өзін және этносаралық қаты-настар жайындағы жүйелі түсініктерді қалыптастыру жайлы заңдылықтарға қатысты қажетті білім, білік, дағдылармен қамтамасыз етіп, оны теориялық және тәжірибелік тұрғыда игеруге көмектеседі.	Меңгеру: -Этнопедагогика және этнопсихологияның негізгі ұғымдары, әдістері мен міндеттерін; -этнопедагогика және этнопсихология пәні туралы түсініктерді дамыту кезеңдері; -этнопедагогика және этнопсихологиядағы этнос пен ұлттардың табиғаты, мәселелерін меңгеру. Білу: -Заманауи этнопедагогикалық және этнопсихологиялық тұжырымдамаларды талдау; -Этнопедагогика және этнопсихология ұғымдық аппаратын қолдану ; ; -Әр түрлі мәдениеттердің этносын талдау; - Этникалық және ұлттық сана-сезімді түсіну; -Этнопедагогикалық тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін таңдау және қолдану. Дағдысы болу: -Тәрбие міндеттерін шешуде этнопсихологиялық білімді	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Педагогика тарихы, Әлеуметтік психология.

					қолдану; -Этнопедагогикалық сипаттағы тәрбиелік іс-шаралардың мақсаты мен міндеттерін анықтау ; - білім беру үрдісіне халық педагогикасының тәжірибесін енгізу; -дамудың әлеуметтік-мәдени жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, полимәдени ортада кәсіби қызметті жүргізу.		
	Этникалық тәрбие	5	Этникалық тәрбие педагогиканың жүйелі білімі мен оның отбасын тәрбиелеудегі рөлі, әртүрлі тарихи және этномәдени жағдайлардағы мәні, мазмұны және ерекшеліктері туралы; халықтың педагогикалық дәстүрлеріне, олардың моральдық, этикалық және рухани құндылықтарына, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын қалыптастыру; отбасылық білім берудегі халықтық	Курстың мазмұны; халық педагогикасының теориялық білімдерін меңгеруге арналған; педагогика, психология және этнографиямен қарым-қатынаста ғылымның негізгі ұғымдарын игеру; әртүрлі тарихи жағдайлардағы танымал педагогикалық мәдениеттің жұмыс істеу ерекшеліктерін, дәстүрлі білім беру жүйелерінің әсері мен әртүрлі этникалық мәдениеттердегі тұлғаны дамытуға әлеуметтендіруді игеру..	Меңгеру: -Қазақ халқының туған жер тарихын, тілін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білуге, -Ғасырлар бойы ата-баба тәлімімен жинақталып, уақытында дәстүрге енген халықтық педагогиканың этникалық тәрбиесін меңгеру; Білу: -Қазақстан Республикасын мекендеген әрбір этностың дамуын жандандыру, жалпы мәдени Құндылықтарын білу, -этникалық мәдениеттерін жалпы кәсіби құзірттіліктерін қалыптастыру. Дағдысы болу: Халық педагогиканың тәжірибесі	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Педагогика тарихы, Әлеуметтік психология.

			педагогиканың теориялық негізін меңгеру.		мен құралдарын кәсіби қызметте қолдану.		
	Балаларды тәрбиелеудегі халықтық салт-дәстүрлер	5	Балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы жалпы түсінік қалыптастырып, халықтың атадан балаға көшіп жалғасып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени тұрмыстық, салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттер көнісі. Салт-дәстүрдің бала жас шамасына сай жүйесін баланы балабақшаға қабылдаудан бастап кешкі үйге қайтуға дейінгі уақыт аралығында іске асыруды меңгеру	Курстың мазмұны; Балаларды тәрбиелеудегі халықтық салт-дәстүрлер мектепке дейінгі жастағы балалардың жас шамасына сай меңгерілетін түрін айтатын болсақ; олар ұлттық ойындар, амандасу, ер баланы сыйлау, қыз баланы сыйлау, үлкен адамдарға құрмет көрсету, кішілерге қамқор болу және де ең бастысы ана тіліне деген құрметті бала санасына сіңіру.	Меңгеру: - Төл тарихымызды білу; - ана тілді ардақтап, құрметтеу; - ұлттық салт-дәстүрді, әдеп-ғұрыптарды қадірлеу. Білу: - Мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. - Балалардың бойына халқымыздың рухани құндылықтарын сіңіру, ұлттымыздың дәстүрлерін дарыту. Дағдысы болу: Ұлттық салт-дәстүрмен таныстыру арқылы балаларды адамгершілікке, кішіпейіл, мейірімді, қамқор болуға тәрбиелеу дағдысы болу.	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Педагогика тарихы, Әлеуметтік психология.
6	Өзін-өзі тану	3	Курстың мақсаты ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе тұлғаны рухани адамгершілік тұрғысынан дамыту, ар-ұятымызды молайтып, адамгершілік	Курстың мазмұны; Адамның қоршаған ортаны, өзінің ішкі жан дүниесін танытып, өзін-өзі басқару негізінде адамгершілік-рухани потенциалын дамыту. Сол себепті қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты	Меңгеру: - Мектеп жасына дейінгі баланың бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды адамгершілікке тәрбиелеудің негізі, қарым-қатынас жасау мен дүниетанудың құралы,	Өзін-өзі тану мектеп бағдарламасы шеңберінде	Ата-аналармен жұмыс, Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің жұмысы, Педагогика, Психология

			қасиетімізді жетілдіру арқылы ізгілікке, инабаттылыққа, парасаттылыққа тәрбиелеп қалыптастыру.	мәселе тұлғаны рухани адамгершілік тұрғысынан дамыту, ар- ұятымызды молайтып, адамгершілік қасиетімізді жетілдіру арқылы ізгілікке, инабаттылыққа, парасаттылыққа үйрету.	баланың зердесі мен шығармашылығын дамытуды меңгеру. Білу: Өзін- өзі тану мен өзін- өзі дамыту міндеттері көре және мақсат қоя білуі қажет; міндеттері мен мақсаттарын өзінің өмірлік жоспарларымен байланыстыра білу. Дағдысы болу: өзін- өзі танудағы зерттеу-мақсат емес ал барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашу мақсатындағы тұлғаны терең танып білудің басталуы екендігіне негізделген, тұлғаның өзін-өзі дамытуға қатысты қазіргі заманғы әдістерді игерту.		
Парасаттылық педагогика және психология	3	Курстың мақсаты Қазіргі бүлдіршіндердің болашақта еліміздің елеулі азаматтары болу үшін, ең алдымен өзін-өзі танулары қажет. Бұл курстың негізгі мақсаты - адамның қоршаған ортаны, өзінің ішкі жан дүниесін танытып, өзін-өзі басқару	Курстың мазмұны; «Парасаттылық педагогика және психология» өскелең ұрпаққа адамгершілік-рухани білім беру және тәрбиелеу басымдылығының мәнін күшейтуге бағытталған, жалпы мақсаттарымен ұштасады	Меңгеру: Өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу арқылы студенттерге мағұлмат бер. Білу: - Балалардың бойында парасаттылық туралы түсінік қалыптастыру; - өзінің адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру	Өзін-өзі тану мектеп бағдарламасы шеңберінде	Ата-аналармен жұмыс, Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің жұмысы, Педагогика, Психология	

			негізінде адамгершілік-рухани потенциалын дамыту.		мүмкіндіктерін қалыптастыру; - танымдық белсенділігін арттыру. Дағдысы болу: -Өзара сыйластықты түсінуге қабілетті, айналасындағыларды ұнатып, жақсы көре біледі, жақсылық жасауға дағдысы болу.		
	Отбасындағы рухани тәрбиенің негіздері	3	Мақсаты: Отбасына бала тәрбиесінде көмек көрсетудің ықпалды тәсілі – ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды консультациялар, сұрақ-жауап кештерін, әкелер конференцияларын, т.б. өткізу арқылы отбасындағы рухани тәрбиенің негізін меңгеру	Курстың мазмұны; Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Баладағы тәрбиенің іргетасын қалайтын ол — отбасы. Отбасындағы рухани тәрбиенің негіздері баланы мейрімділікке тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-рухани тұрғыдан дамыту	Меңгеру: -Отбасында рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, баланың бойындағы ішкі әлемінде адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Білу: -Балаға тәрбие берудегі отбасының рөлі; -тәрбиеленушілердің этномәдениет, ұлтаралық қатынас пен толеранттылық мәдениетін қалыптастыра білу; Дағдысы болу: Ұлттық мәдениетті сақтау, жалғастыру; ата-аналардың отбасылық мәдениетінің сауаттылықтарын қалыптастыру;	Өзін-өзі тану мектеп бағдарламасы шеңберінде	Ата-аналармен жұмыс, Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің жұмысы, Педагогика, Психология
7	Білім берудегі ақпараттық жүйелер	3	Курстың мақсаты – мектепке дейінгі ақпараттық-жүйесінде білім	Курстың мазмұны; Ақпарат өңдеуге, көшіруге және трансформациялауға	Меңгеру: -Мектепке дейінгі білім беру процесінің әртүрлі формаларында АКТ	Информатика мектеп бағдарламасы шеңберінде	Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің жұмысы,

			берудің концептуалды аппаратын оқу үрдісінде гуманистік ұстанымның табысты іске асырылуы және ең маңызды заманауи кәсіби құзыреттілік ретінде меңгеру.	бағытталған технологияларды дамытуға ықпал етеді, ақпарат алудың, сақтаудың және өндеудің негізгі әдістерін, әдістерін және құралдарын біледі, сондай-ақ кәсіби – құзыреттілікті дамыту.	құралдарын қолдану тәсілдері мен әдістерін меңгеру. Білу: мектепке дейінгі білім беру жағдайында АКТ құралдарын кәсіби қызметінде пайдалануды білу. Дағдысы бол: мектепке дейінгі білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім беру технологияларын пайдалану.		Білімдегі инновациялық технологиялар, Балабақшадағы интеграциялы сабақтар
Мультимедиялық қосымшалар және оларды оқу үдерісіне пайдалану	3	Мультимедиялық қосымшалар және оларды оқу үдерісіне пайдалануда инновациялық технологиялар пәні бойынша студенттердің теориялық білімі мен практикалық дағдысын қалыптастыру.	Курстың мазмұны; Мультимедиялық қосымшалар және оларды оқу үдерісіне пайдалану тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр. Мұның өзі аталған мәселенің теориялық негіздемесін жасау қажеттілігін туындатады. Бұл мүмкіндіктерді іске асыру үшін еніп отыратын жаңалықтарға ілесе алатын соған сәйкес жас ұрпақты тәрбиелеп білім беретін педагог-психолог дайындау қажет.	Меңгеру: педагогикалық процеске қатынасушылардың арасындағы қатынас пен өзара әрекеттесу бірлігін қамтамасыз етудегі педагогтың негізгі ролін түсінуі, инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде педагогикалық процесін құра білу. Білу: мектепке дейінгі мекемелерде кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған құзыреттілігін қалыптастыру және іс жүзінде кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде түсіну, теория жүзінде алған білімдерін	Информатика мектеп бағдарламасы шеңберінде	Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің жұмысы, Білімдегі инновациялық технологиялар, Балабақшадағы интеграциялы сабақтар	

					<p>практикада қолдана алуы, кәсіби іс-әрекет нысаны туралы түсінік - тұтас педагогикалық үрдісті студенттер ұғына білу.</p> <p>Дағдысы болу: шығармашылық жұмыс істей алу дағдыларын меңгеруі, инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде оқу-тәрбие жобаларын жасау және жүзеге асыруы, инновациялық іс-әрекет түрлерімен айналысу дағдысы.</p>		
Оқу үрдісінде ақпараттық өңдеу әдістері	3	<p>Оқу үрдісінде ақпараттық өңдеу әдістері білім берудің концептуалды аппаратын оқу үрдісінде гуманистік ұстанымның табысты іске асырылуы және ең маңызды заманауи кәсіби құзыреттілік ретінде меңгеру.</p>	<p>Курстың мазмұны; ақпарат өңдеуге, көшіруге және трансформациялауға бағытталған технологияларды дамытуға ықпал етеді, ақпарат алудың, сақтаудың және өңдеудің негізгі әдістерін, әдістерін және құралдарын біледі, сондай-ақ кәсіби - құзыреттілік.</p>	<p>Меңгеру: -мектепке дейінгі білім берудегі оқу процесінің әртүрлі түрлері мен формаларында АКТ құралдарын қолдану тәсілдері мен әдістерін.</p> <p>Білу: мектепке дейінгі білім беру жағдайында АКТ құралдарын кәсіби қызметінде пайдалану.</p> <p>Дағдысы болу: мектепке дейінгі оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім беру технологияларын пайдалану.</p>	<p>Информатика мектеп бағдарламасы шеңберінде</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің жұмысы, Білімдегі инновациялық технологиялар, Балабақшадағы интеграциялы сабақтар</p>	

1	Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі)	5	<p>Курстың негізгі мақсаты-ғылыми дүниетанымды қалыптастыру; студенттерде жалпы және мектепке дейінгі педагогика тарихы туралы білімді қалыптастыру; түрлі тарихи дәуірлер мен халықтардың көрнекті ойшылдарымен және педагогтарымен танысу; мектепке дейінгі педагогика тарихының қазіргі жағдайын талдау; ғылыми және практикалық мәселелерді шешуде жалпы және мектепке дейінгі педагогиканың зерттелген теориялық принциптерін қолдану.</p>	<p>Курстың мазмұны; Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі) курсыну оқу барысында студенттер педагогикалық тарихында ғылымның қалыптасуы мен даму жолдарын, қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінде жалпы теориялық мәселелер мен практикалық міндеттерді зерделеуді қарастырады. Тәрбие теориясы мен практикасының пайда болуы, дамуы туралы маңызды мәліметтерді қамтиды, тәрбие пәні мен субъектісі ретінде бала туралы ғылыми білімнің өсуіне назар аударады.</p>	<p>Меңгеру: - ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тәрбие мен оқытудың теориясы мен тәжірибесінің маңызды фактілері; - педагогика тарихында қалыптасқан білім беру және қоғамдық мектепке дейінгі тәрбие берудің негізгі жүйелері; - өткен және қазіргі заманның атақты педагогтарының классикалық педагогикалық шығармалары; - мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеу саласындағы маңызды теориялық мәселелер бойынша тарихи-педагогикалық ақпаратты жинау әдістері; - шетелдерде және Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негіздері. Білу: -тарихи-педагогикалық үрдісті дамытудың хронологиялық аясында бағдарлану, педагогикалық ғылымның тарихи мұрасындағы алдыңғы</p>	<p>Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Этнопедагогика және этнопсихология, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Мектепке дейінгі тәрбиенің жеке әдістемелері, Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру, Жеке әдістемелер.</p>
---	---	---	---	---	--	---	--

					<p>қатарлы тәжірибе мен жетістіктерді ескере отырып, өзіндік педагогикалық қызметін құру және болжау;</p> <p>-педагогтер мен ағартушылардың қоғамның мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін, олардың педагогикалық ғылым теориясын әзірлеуге қосқан үлесін, оның категориялық түсініктік аппаратына талдау.</p> <p>Дағдысы болу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектепке дейінгі тәрбие тарихы мәселелері бойынша қоғамдық-кәсіби пікірталасқа қатысу; - алдыңғы қатарлы тарихи-педагогикалық тәжірибені зерделеу арқылы кәсіби білімді жетілдіру. 	
--	--	--	--	--	---	--

	<p>Салыстырмалы педагогика</p>	<p>5</p>	<p>Курстың негізгі мақсаты - әртүрлі елдердегі және аймақтардағы қоғамдық процестер мен әлеуметтік институттарды, шет елдердің орта және жоғары мектептерінің даму үрдістерін, оларды дамыту және реформалау тәжірибесін таныстыру және салыстырмалы талдау негізінде студенттердің педагогикалық дүниетанымын қалыптастыру және шығармашылық педагогикалық ойлауын дамыту</p>	<p>Курстың мазмұны; басқа мемлекеттердің педагогикалық практикасы мен ерекшеліктерін қарастыратын педагогикалық ғылымның саласы. Салыстырмалы педагогика әрбір елдердегі білім беру және тәрбие жүйелерінің дамуын, олардың жалпы және өзіндік ерекшеліктерін салыстыра, дамуын зерттейді. Ал бұл ұлттық педагогикалық мәдениетті дүние жүзінде қалыптасып келе жатқан жетістіктермен байытуға мүмкіндік береді. Мектеп тарихы мен шетел педагогикасы - білім беру практикасы мен педагогикалық білімнің тарихи дамуын бірлікте және білім беру мен педагогикалық ғылымдардың қазіргі заманғы проблемаларымен өзара байланыстыра зерттейтін ғылым саласы.</p>	<p>Меңгеру: - Әлемдегі білім берудің даму үрдістері және ХХІ ғасырдың басындағы оның реформаларын; Қазіргі әлемдегі білім беру жүйесін дамытудың негізгі мәселелері мен басым бағыттарын меңгеру.</p> <p>Білу: - Қазақстанда және шет елдерде білім беру жүйесіне салыстырмалы талдауды өз бетінше жүзеге асыру; шетелдік педагогикалық тәжірибені" отандық білім беру жүйесінің тәжірибесін анықтау.</p> <p>Дағдысы болу: -шетелдік және отандық білім беру жүйелерінде оң және теріс тәжірибені салыстыру, талдау, бөлу; - заманауи білім беру мәселелері бойынша өз көзқарасын дәлелді баяндау; - отандық және шетелдік білім берудің негізгі тұжырымдамаларын салыстырмалы талдау.</p>	<p>Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Этнопедагогика және этнопсихология, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Мектепке дейінгі тәрбиенің жеке әдістемелері, Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру. Жеке әдістемелер.</p>
--	---------------------------------------	-----------------	--	---	---	---	--

	<p>Мектеп тарихы және шетел педагогикасы</p>	<p>5</p>	<p>Курстың негізгі мақсаты - тарихы мектеп - білімдерін игерлуі және педагогиканың шетелдегі ғылым саласының дамуы, оның негізгі категорияларымен және пайда болуын қарастырады.</p>	<p>Курстың мазмұны; тарихи құбылыстарға диалектикалық көзқарас және педагогикалық теория талдауын меңгеруге көмектеседі, педагогикалық теорияның даму үрдісі мен тәрбие процесінің ішкі заңдылықтарын тануға жол ашады.</p>	<p>Меңгеру: -Шет елдердегі педагогикалық ойдың қалыптасуы мен даму ерекшеліктері; - тәрбиенің генезисі және тарихи мәні, тәрбиенің шығу тегі тұжырымдамасы; - тәрбие мен білім берудің тарихи даму заңдылықтары. Білу: -қарапайым тарихи-педагогикалық фактілерді талдау, салыстыру, жинақтау және жүйелеу; - олардың себептері, өзара байланысы, салдары туралы негізделген қорытынды жасау, ; -педагогикалық құбылыстарды зерттеуде тарихи көзқарасты жүзеге асыру. Дағдысы болу: - ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін педагогиканың дамуы бойынша ақпаратты, негізгі мәліметтерді талдау және құрылымдау; - өткен мен қазіргі қарым-қатынасты бөлу, оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі тәжірибесінде неғұрлым құнды шетелдік тәжірибені қолдану.</p>	<p>Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Этнопедагогика және этнопсихология, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Мектепке дейінгі тәрбиенің жеке әдістемелері, Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру. Жеке әдістемелер.</p>
--	---	-----------------	--	---	---	---	--

2	Балалар психологиясы	5	<p>Пәнді оқытудың мақсаты - балалар психологиясы пәннің оқыту процесінде бала психологиясы-балдырғанның психикалық даму факторлары мен заңдылықтарын: оның іс-әрекетінің дамуын, психикалық процестерінің және сапаларының дамуын, оның жеке басының қалыптасуын зерттейтін меңгерту.</p>	<p>Курстың мазмұны Психикалық дамудың маңызды жағын баланың бойындағы психикалық үдерістер мен сапаларды, қабылдаудың түйсік, ес, зейін, қиял, ойлау, сөйлеу және мінез-құлық ерекшеліктері мен сезімнің, жас ерекшелігіне байланысты дамудың бастапқы формаларының пайда болуы, өзгеруі және жетілуі туралы мәселелерді жан-жақты қарастырады.</p>	<p>Меңгеру: - Балалар психологиясы – балалардың психикалық даму факторлары мен заңдылықтарын, оның іс-әрекетінің дамуын, психикалық процестердің және сапаларының дамуын оның жеке басының қалыптасуын меңгеру. Білу: - мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және анатомиялық, физиологиялық даму ерекшеліктерін де жан-жақты қарастырып білу. қалыптасуын меңгереді. Дағдысы болу: психикалық дамудың маңызды жағын, баланың бойындағы психикалық процестер мен сапалардың, қабылдаудың, зейіннің, қиялдың, есте сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, сезімдердің, мінез-құлықтың, еріктің, басқарудың бастапқы формаларының пайда болуы және жетілуі туралы дағдысы болу.</p>	<p>Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена</p>	<p>Тұлғаның психологиялық педагогикалық диагностикасы, Әлеуметтік психология, Арнайы психология</p>
	Мектепке дейінгі баланың психологиясы	5	<p>Балалардың психикалық даму факторлары мен заңдылықтарын: оның іс-әрекетінің</p>	<p>Курстың мазмұны мектеп жасына дейінгі бала психологиясы негіздерімен студенттері қаруландыруға</p>	<p>Меңгеру: - мектепке дейінгі жастағы бала психикасының негізгі заңдылықтары; - мектеп жасына дейінгі</p>	<p>Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Жас ерекшелік физиологиясы</p>	<p>Тұлғаның психологиялық педагогикалық диагностикасы, Әлеуметтік</p>

			дамуын, психикалық процестерінің және сапаларының дамуын, оның жеке басының қалыптасуын зерттеу.	бағытталған. Бұл курсты оқу барысында студент мектеп жасына дейінгі баланың психикалық даму ерекшеліктерімен танысады.	баланың психикасын зерттеудің негізгі әдістері; - мектепке дейінгі жастағы әрбір кезеңде дамудың қозғаушы күші; Білу: - Осы курстың ғылыми аппаратын қолдану; -балалар психологиясының негізгі мәселелері бойынша ғылыми пікірталастар өткізу; - зерттеулерге әдістемелік талдау жүргізу; - мектеп жасына дейінгі баланың психикасының жас ерекшеліктерін анықтау және зерттеу. Дағдысы болу: -студенттерде мектеп жасына дайінгі балалар психологиясының негіздері жайында, психикалық дамудың негізгі заңдылықтары, жас кезеңдері, танымдық процестердің дамуын оқып үйренуге дағдысы болу.	және мектепке дейінгі гигиена	психология, Арнайы психология
	Ерте балалық шақтағы баланың психологиясы	5	Ерте балалық шақтың тұлғалық даму ерекшеліктерін зерттеу, ерте балалық шақтың психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасау және ерте жастық шақ	Курстың мазмұны ерте сәбилік шақтағы бала психологиясы негіздерімен студенттері қаруландыруға бағытталған. Бұл курсты оқу барысында студент ерте сәбилік шақтағы баланың психикалық	Меңгеру: -Бала психологиясы баланың дүниеге келгеннен мектепке барғанға дейінгі уақыт аралығын меңгеру Білу: - Ерте сәбилік шақтағы балалардың психикалық даму факторлары мен	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена	Тұлғаның психологиялық педагогикалық диагностикасы, Әлеуметтік психология, Арнайы психология

			кезеңдегі қарым-қатынасының психологиялық табиғатын ашу;	даму ерекшеліктерімен танысады.	заңдылықтарын: оның іс-әрекетінің дамуын, психикалық процестерінің және сапаларының дамуын, оның жеке басының қалыптасуын білу. Дағдысы болу: -Ерте сәбилік шақтағы балалар психологиясының танымдық процестердің дамуын оқып үйренеді; қазіргі кездегі ерте сәбилік шақтағы балалар психологиясының теориялық және әдіснамалық мәселелерін, оның негізгі принциптерін игеру дағдысы болу..		
3	Жас ерекшелік психологиясы	5	Студенттерге онтогенездің әртүрлі сатыларындағы психикалық даму мәселелері бойынша негізгі теориялар мен тұжырымдамалар туралы жүйелі түсініктерін қалыптастыру.	Курстың мазмұны жас ерекшелігі психологиясы курсы студенттердің психологиялық дайындау жүйесінде ерекше орын алады. Психиканың даму заңдылықтары мен механизмдері туралы білімдері білім беру жүйесінде, сонымен қатар қоғамдық өмірдің басқа да саласында, психологтың практикалық іс-әрекетінің негізі болып табылады.	Менгеру: -Жас ерекшелік психологиясының базалық теориялық негіздері; -әр жас кезеңінде психиканың даму заңдылықтары мен жас дамуының негізгі тәсілдері; - адам дамуының негізгі жас дағдарыстары және олардың ағу ерекшеліктері. Білу: -жас ерекшелік психологиясы бойынша білімді кәсіби қызметте ғылыми-зерттеу және практикалық міндеттерді шешу үшін қолдану; -балалардың жас	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Өзін өзі тану, Этнопедагогика және этнопсихология.	Аранайы психология, Педагогикалық шеберлік, Әлеуметтік психология.

					<p>ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық процесті жоспарлау және ұйымдастыру;</p> <p>-кәсіби қызметте балалармен қарым-қатынасқа әсер ететін жас ерекшелік факторларын ескеру.</p> <p>Дағдысы болу:</p> <p>- онтогенездегі адамның психикалық даму заңдылықтары туралы ғылыми дереккөздерді зерттеу бойынша өзіндік жұмыс, толерантты әлеуметтік дүниетанымды қалыптастыру үшін жас ерекшеліктерінің проблематикасына дербестендірілген қарауды талап ететін;</p> <p>-жас кезеңдерінің ерекшеліктерін, даму дағдарыстарын және қауіп факторларын, оның гендерлік, этникалық, кәсіби және басқа да әлеуметтік топтарға жататынын ескере отырып, адамның психикалық қызметінің ерекшелігін анықтау дағдысы болу.</p>		
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қауіп тобындағы	5	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қауіп тобындағы	Курстың мазмұны дамуында ауытқушылықты диагностикалаудың	Меңгеру: -психологиялық тәжірибе мен түзету жұмысының негізгі	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Өзін өзі тану,	Аранайы психология, Педагогикалық шеберлік,

	балаларға түзету- дамыту сабақтарын ұйымдастыру		балаларға түзету- дамыту сабақтарын ұйымдастыру сөйлеу тілінде, көру, есту, тірек - қозғалыс аппаратында бұзылуы, оқып - үйрену, қарым - қатынас жасау мен жүріс - тұрысында қиындықтары бар балалар мен жас өспірімдерге психологиялық түзеу мен оңалту түрінде кешенді психологиялық - медициналық педагогикалық көмек көрсету;	теориялық-әдіснамалық негіздерін, түзету психологиялық көмек көрсетумен байланысты кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті іс-әрекеттерді, сөйлеуді, дизонтогенездегі балалардың тұлғасын қалыптастыру барысында болатын деформация сипатын, сонымен қатар түзету- дамыту бағдарламалары мен технологияларын әзірлеу бойынша білім мен дағдыларды меңгеруге ықпал етеді	теориялық негіздері; -психологиялық түзетудің түрлері, формалары мен әдістері; психологиялық түзетуді таңдау, ұйымдастыру және жүргізу стратегиясы. Білу: -базалық курстарда алған білім мен дағдыларды қолдану; - өз бетімен әдебиетпен жұмыс істеу, «психокоррекциялық есептерді шешу»; -жұмыстың психокоррекциялық стильдерін әзірлеу. Дағдысы болу: мүмкіндігі шектеулі адамдардың дамуында бұзылуларды анықтаудың психодиагностикалық әдістерін қолдана білу; - мүмкіндіктері шектеулі адамдардың психикалық жағдайын өлшеу және бағалау әдістерін білу	Этнопедагогика және этнопсихология.	Әлеуметтік психология.
	Аутотренинг және өзін-өзі реттеу негіздері	5	Курстың негізгі мақсаты - мектеп жасындағы балалардың өзін	Курстың мазмұны аутотренинг және өзін- өзі реттеу негіздері пәні мектеп жасына дейінгі	Меңгеру: -Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс тәжірибесінде	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, Өзін өзі тану,	Аранайы психология, Педагогикалық шеберлік,

